

## Қазақстан Республикасы Президентінің шетелге сапарлары кезінде оның жанына еріп жүретін делегациялардың құрамын бекіту тәртібі туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің Өкімі 1996 жылғы 10 қаңтардағы N 2752

Мемлекет басшысының шетелге сапарларының тиімділігін арттыру мақсатында оның жанына еріп жүретін делегация құрамын ұсынудың мынадай тәртібі белгіленсін:

1. Ресми делегация мен еріп жүретін адамдардың құрамы жөніндегі ұсыныстарды Президент Әкімшілігінің Басшысына сараптың мақсаты мен бағдарламасына қарай мүдделі мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардың келісімі бойынша Сыртқы істер министрлігі;

күзет қызметкерлері мен экипаж жөнінде Президенттің Күзет қызметінің басшылығы;

бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері жөнінде Президенттің баспасөз хатшысы;

кәсіпкерлер топтарының құрамы жөнінде Өнеркәсіп және сауда министрлігі табыс етеді.

2. Президент Әкімшілігінің Басшысы келіп түскен ұсыныстарды қорытып, оны сапардың басталуына дейін кемінде бір ай бұрын мемлекет басшысының бекітуіне енгізеді.

Қазақстан Республикасының  
Президенті